

Қырғыз Республикасына Қытай Халық Республикасынан натрий цианидінің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат беру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 20 қараша N 1227

"Экспорттық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 18 маусымдағы Заңына және "Экспорттық бақылауға жататын өнімдер транзитінің жекелеген мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 11 тамыздағы N 1143 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Осы қаулыға қосымшада көрсетілген мөлшерінде, жөнелту бағыты мен кестесіне сәйкес 1999 жылғы 6 желтоқсандағы N С-1131 цианисті натрийді жеткізу шарты бойынша және көрсетілген шартқа N 2 толықтыру мен 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N S117496 сатып алу тапсырмасы негізінде "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы (Қырғыз Республикасы) үшін "CNIEC XINJIANG CORP. HORGOS LTD" компаниясы (Қытай Халық Республикасы) беретін Қырғыз Республикасына Қытай Халық Республикасынан натрий цианидінің Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитіне рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Халықаралық темір жол жүк қатынасы туралы келісімге және нормативтік құқықтық кесімдерге сәйкес қауіпсіздіктің ерекше шараларын сақтай отырып, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы натрий цианидінің темір жол көлігімен тасымалдануын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Кедендік бақылау агенттігі және Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағы арқылы натрий цианиді транзитін бақылауды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі осы қаулыны іске асыру мақсатында қажетті шаралар қабылдасын.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 2

ж ы л ғ ы

2 0

қ а р а ш а д а ғ ы

N

1 2 2 7

қ а у л ы с ы н а

қосымша

1999 жылғы 6 желтоқсандағы N C-1131 шарты, N 2 қосымша мен 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N S117496 сатып алу тапсырмасы бойынша "Кумтор Оперейтинг Компани" компаниясы (Қырғыз Республикасы) үшін "CNIEC XINJIANG CORP. HORGOS LTD" компаниясы (Қытай Халық Республикасы) 2003 жылы жеткізетін натрий цианидінің

ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІГІ

P/c N	Өнімнің толық атауы	СЭҚ ТН коды	Өлшем бірлігі	Мөл. шері	1 кг үшін бағасы А Қ Ш долларымен	Жалпы құны А Қ Ш долларымен
1	Натрий	283711000	тонна	3600	1,59	5724000
	ЖИЫНЫ:			3600	ц и а н и д і	5724000

Жүру бағыты: Алашанкоу (Қытай Халық Республикасы) - Дружба - Алматы - Луговая (Қазақстан Республикасы) - Балықшы (Қырғызстан Республикасы)

Ж ө н е л т у			к е с т е с і
2003 ж.	қаңтар-сәуір	40	контейнер
2003 ж.	маусым-шілде	40	контейнер
2003 ж.	тамыз-қыркүйек	40	контейнер
2003 ж.	қазан-қараша	32	контейнер
2003 ж.	желтоқсан	32	контейнер